

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің 2021 жылдың тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы

Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Департаментінің №219-НҚ бұйрығымен «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің тауарлық газды газ таратушы жүйелері арқылы тасымалдау қызметіне инвестициялық бағдарламасы 2021 жылға 14862,0 мың теңге көлемінде бекітілген, оның ішінде 1132,740 мың теңге бекітілген тарифтік сметадағы амортизация есебінен көзделген, пайда тарифтік сметада қарастырылмаған, 13729,260 мың теңге «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің *(өзге)* реттелмейтін қызмет қаражаты есебінен жасалынуы жоспарланған.

Объект орналасқан жері: Шымкент қаласы, Қапал Батыр көшесі, «Өндірістік» аумағы, 116/2, «Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің *(бұдан әрі-Компания)* аумағындағы ГТЖ-4-ден *(газ тарату желілері)* бастап ұзындығы 700м жоғары қысымды газ құбырларын қайта жаңарту жоспарланған.

2021 жылы нақты инвестициялық бағдарламаның іс-шаралары 8662,884 мың теңге сомасына, оның ішінде тарифтік сметадағы амортизация есебінен 1132,740 мың теңгеге орындалған, *(өзге)* реттелмейтін қызмет қаражаты есебінен нақты орындалғаны 7530,144 мың теңге. Заттай көрсеткіштер бойынша ұзындығы 130м жоғары қысымды газ құбырлары қайта жаңғыртылды 3730,061 мың теңге сомаға және ГРПШ 16-1ВУ1 реттегішімен РДГ 150В 1339,286 мың теңге сомасына, ГРПШ G-4 есептегішімен 105,0 мың теңге сомасына, радиостанция TDX A9000 33,929 мың теңгеге, турбиналық газ есептегіш СТГ 1000 3454,609 мың теңге сомасына сатып алынып, орнатылды.

«Ордабасы индустриалдық аймақ» ЖШС-нің *(өзге)* реттелмейтін қызмет қаражаты есебінен 13729,260 мың теңге жасалынуы жоспарланған, нақты орындалғаны 7530,144 мың теңге, орындалмағаны 6199,116 мың теңге, қаражаттың тапшылығына байланысты, Компанияның *(өзге)* реттелмейтін қызметінің қолжетімді қаражаты жоғары басым мақсаттарды шешуге бағытталды.